

PHILIPS

HD9880

Пайдаланушы нұсқаулығы

Маңызды ақпарат	3
Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)	5
Автоматты түрде өшіру	5
Өңдеу	6
Кепілдік және қолдау	6
Сәйкестік туралы декларация	6
Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама жаңартулары	6
Құрылғы үйлесімділігі	7
Зауыттық мәндерді қою	7
Кіріспе	7
Жалпы шолу	8
Функциялардың сипаттамасы	9
Алғашқы рет қолданар алдында	12
Алғаш рет қолданар алдындағы дайындықтар	12
Алынбалы тор түбін	12
Аэрогрильді NutriU қолданбасына қосу	13
Аэрогрильді пайдалану	15
Термометрді пайдалану	18
Тағам термометрін орнату	18
Тағамның қалыңдығын өлшеу	20
Пісіру режимдері	21
Автоматты түрде пісіру бағдарламалары	21
Үйде жасалған картоп тілімдерін дайындау	22
Үйде әзірленетін йогурт жасау	23
Қолмен пісіру	23
Тағам термометрі	24
Жылы етіп сақтау	25
Менің бағдарламаларым	25
Пісіру тарихы	26
Тазалау	26
Тазалау кестесі	27
Сақтау	27
Ақаулықтарды жою	27

Маңызды ақпарат

Құралды қолданар алдында осы маңызды ақпарат берілген құжатты мұқият оқып шығып, оны келешекте қарау үшін сақтап қойыңыз.

Қауіпті

- Құралды ыстық газ плитасының немесе электр плитасы мен электр табаларының барлық түрлерінің үстіне немесе жанына, не болмаса қыздырылған пештің ішіне қоймаңыз.



- Құралды суға немесе басқа сұйықтыққа батыруға да, оны ағын судың астында да шаюға да болмайды.
- Ток соғу қаупін алдын алу үшін, құралға су немесе басқа сұйықтық кірмеу керек.
- Қыздыру элементіне тимеуі үшін, қуырылатын ингредиенттерді әрдайым себетке салыңыз.
- Құрал жұмыс істеп жатқанда, ауа кіретін және шығатын тесіктерді жаппаңыз.
- Табаға май құймаңыз. Өрт шығуы мүмкін.
- Штепсельдік ұшы, қуат сымы немесе өзі зақымданған болса, құралды қолданбаңыз.
- Жұмыс істеп жатқанда, құралдың ішін қолмен ұстамаңыз.
- Ешқашан себетте көрсетілген максималды деңгейден асатын тамақ көлемін салмаңыз.
- Пештің таза болуын және онда тағам қалдықтарының болмауын әрқашан тексеріңіз.

Абайлаңыз

- Қуат сымы зақымдалған болса, қауіптің алдын алу үшін, оны Philips, оның қызмет агенті немесе сол сияқты кәсіби мамандар алмастыруы тиіс.
- Құралды тек жерге тұйықталған қабырға розеткасына ғана қосуға болады. Әрдайым ашаның қабырға розеткасына дұрыс салынғанын тексеріңіз.
- Бұл құрал сыртқы таймермен немесе бөлек қашықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған.
- Пайдалану барысында өнімнің ұстауға келетін жерлері ысып кетуі мүмкін.



- Бұл құралды 8 және одан жоғары жастағы балалар мен физикалық, сезу немесе ойлау қабілеттері шектеулі не болмаса тәжірибесі және

білімі аз адамдар қадағалаумен немесе құралды қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулар алған және байланысты қауіптерді түсінген жағдайда пайдалана алады. Балалар құралмен ойнамауы керек. 8 жасқа толмаған балалар ересектің қадағалауынсыз тазалау және техникалық қызмет көрсету жұмыстарын жүргізбеуі тиіс.

- Құрал мен оның баусымын бірге, 8 жасқа толмаған балалардың қолы жетпейтін жерге сақтаңыз.
- Құралды қабырғаға қарсы немесе басқа да құралдарға қарсы қоймаңыз. Құралдардың артында, екі жағынан және құралдың үстінен кемінде 10 см бос орын қалдырыңыз. Құралдың жоғарғы жағына ешнәрсе қоймаңыз.
- Қатты қуыру кезінде ыстық бу ауа шығаруға арналған саңылаулардан босатылады. Қолыңыз бен бетіңізді будан және ауа шығаруға арналған саңылаулардан қауіпсіз қашықтықта ұстаңыз. Сонымен қатар, құралдан табаны алу кезінде ыстық бу мен ауадан сақ болыңыз.
- Құралға жеңіл ингредиенттерді немесе пісіру қағазын салмаңыз.
- Пайдалану барысында құрылғының ашық беттері қатты ысып кетуі мүмкін.
- Картопты сақтау: температура сақталатын картоп түрлеріне сәйкес болуы және дайындалған тағамдарда акриламид әсері қауіпін азайту үшін 6°C-тан жоғары болуы тиіс.
- Майды түпқоймасына құймаңыз.
- Бұл құрал 5°C және 40°C аралығындағы сыртқы температурада пайдалануға арналған.
- Құралды қоспас бұрын, онда көрсетілген кернеудің жергілікті желі кернеуіне сәйкес келетінін тексеріп алыңыз.
- Қуат сымын ыстық жерлерден аулақ ұстаңыз.
- Құралды дастарқан немесе перде сияқты тез жанатын материалдардың үстіне немесе жанына қоймаңыз.
- Құралды осы пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғаннан басқа ешқандай мақсаттарда пайдаланбаңыз, Philips -тің тек түпнұсқа қосалқы құралдарын пайдаланыңыз.
- Істеп тұрғанда, құралды қадағалаусыз қалдыруға болмайды.
- Құралды пайдалану кезінде және одан кейін түпқойма, себет және қосалқы құрал қатты қызады, оларды абайлап пайдаланыңыз.
- Құралды алғаш қолданар алдында, азыққа тиетін бөлшектерді жақсылап тазалаңыз. Осы пайдаланушы нұсқаулықтағы нұсқауларды қараңыз.

Ескерту

- Бұл құрал тек үйде әдеттегідей қолдануға арналған. Ол, басқа жағдайда, соның ішінде: дүкендердегі қызметкерлерге арналған асүйлерде, кеңселерде, фермерлік шаруашылықтарда және сондай басқа да жерлерде қолданылуға арналмаған. Ол мейманханалардың, мотельдердің, қонақүйлердің және сондай басқа да мекемелердің тұрғындары тарапынан қолданылуға арналмаған.
- Қараусыз қалдырсаңыз немесе жинау, бөлшектеу, сақтау және тазалау алдында әрқашан құралды қуат көзінен ажыратыңыз.

- Құралды көлденең, тегіс және тұрақты бетке қойыңыз.
- Құралды дұрыс қолданбаса, кәсіби немесе жартылай кәсіби мақсаттарда қолданса, пайдаланушы нұсқаулығындағы нұсқауларға сәйкес қолданбаса, кепілдік жарамсыз болады және Philips компаниясы болған зақымдарға байланысты кез келген жауапкершіліктен бас тартады.
- Құралды тексеру немесе жөндеу үшін, оны тек қана Philips-тің қызмет көрсету орталығына апарыңыз. Құралды өзіңіз жөндеуге тырыспаңыз, әйтпесе кепілдік жарамсыз болады.
- Пайдаланып болғаннан кейін, құралды ток көзінен ажыратыңыз.
- Құралды ұстамас немесе тазаламас бұрын, құралды 30 минуттай суытып алыңыз.
- Құралда дайындалған ингредиенттердің қара не қоңыр болмай, алтын сары болып шығуын қадағалаңыз. Күйіп кеткен қалдықтарын алып тастаңыз. Балғын картопты 180°C-ден жоғары мәнде қуырмаңыз (акриламид түзілуін азайту үшін).
- Пісіру камерасының жоғарғы аймағын тазалау кезінде абайлаңыз: шашыраудан қорғағыш, ыстық қыздыру элементі, металл бөлшектердің шеті.
- Әрқашан мультипеште тағамның толықтай пісірілгеніне көз жеткізіңіз.
- Әрқашан, сондай-ақ, қашықтан басқару функциясы немесе кідірілген іске қосуды пайдалану кезінде мультипешті бақылап отырғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Майлы тағам пісіру кезінде мультипеш түтін шығаруы мүмкін. Қашықтан басқару функциясын немесе кідірілген іске қосуды пайдалану кезінде ерекше назар аударыңыз.
- Қашықтан басқару функциясын бір уақытта тек бір ғана адам пайдалана алатынын ескеріңіз.
- Кідірілген іске қосу функциясымен оңай бұзылатын тағамды пісіру кезінде сақ болыңыз (бактериялар көбеюі мүмкін).

Электромагниттік өрістер (ЭМӨ)

Бұл құрал электромагниттік өрістердің әсеріне қатысты барлық қолданыстағы стандарттар мен ережелерге сай.

Автоматты түрде өшіру

Аэрогрильде автоматты түрде өшіру функциясы бар. Құрал қосылып тұрғанда, бірақ пісіру немесе жылы ұстау режимінде болмаған кезде, пайдаланушы ешқандай әрекет жасамаса, ол 10 минуттан кейін күту режиміне өтеді. Құралды қолмен өшіру үшін айналмалы түймені ұзақ басып тұрыңыз.

Өңдеу

- Бұл таңба осы электр өнімін қалыпты тұрмыстық қалдықпен тастауға болмайтынын білдіреді. (1-сурет)
- Электр және электрондық өнімдердің қалдықтарын бөлек жинау жөніндегі еліңіздегі ережелерді сақтаңыз.



Кепілдік және қолдау

Philips бұл өнімге сатып алғаннан кейін 2 жылдық кепілдік береді. Егер ақау дұрыс пайдаланбау немесе сапасыз техникалық қызмет көрсету салдарынан болса, бұл кепілдік күшін жояды. **Қосымша ақпаратты** www.philips.com/support веб-сайтымызға кіріп, онлайн алуға болады.

Сәйкестік туралы декларация

Мұнымен, DAP B.V. HD9880 аэрогрилі 2014/53/ЕО директивасымен сәйкес екенін жариялайды.

ЕО сәйкестік декларациясының толық мәтіні <https://www.philips.com> сайтында қолжетімді.

HD9880 аэрогриль максимум шығаратын қуаты 92,9 мВт ЭИСК болатын 2,4 ГГц 802.11 b/g/n WiFi модулімен жабдықталған.

Бағдарламалық құрал мен микробағдарлама

Аэрогрильдің және қолданбаның құпиялылығы мен дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін жаңарту керек.

Қосымшаны үнемі соңғы нұсқасына дейін жаңартып отырыңыз.

Аэрогриль құралдың микробағдарламасын да автоматты түрде жаңартып отырады.

Ескертпе

- Микробағдарламаларды соңғы нұсқасына дейін жаңарту үшін аэрогриль үйдегі WiFi желісіне қосылғанын тексеріңіз.
- Үнемі ең соңғы қолданба мен микробағдарламаны пайдаланыңыз.
- Бағдарламалық жасақтаманы жақсарту болған кезде жаңартулар қол жетімді болады.
- Шағын бағдарлама жаңартуы мультипеш күту режимінде болғанда автоматты түрде іске қосылады. Мұны жаңартуға бірнеше минут кетеді. Осы уақыт ішінде мультипешті пайдалану мүмкін емес.

Құрылғы үйлесімділігі

Қолданба үйлесімділігі туралы толық ақпаратты App Store дүкеніндегі ақпараттан қараңыз.

Зауыттық мәндерді қою

Аэрогрильдің зауытта орнатылған параметрлерін қалпына келтіру үшін «Құралдар → Параметрлер» мәзірінен зауытта орнатылған параметрлерді қалпына келтіру функциясын таңдаңыз.


Сонда мультипеш бұдан былай үй WiFi желісіне қосылмайды және смарт құрылғыңызбен жұптастырылмайды.

Кіріспе

Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips компаниясына қош келдіңіз!

Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді

www.philips.com/welcome веб-сайтында тіркеңіз.



1. Басқару панелі
 - A. WiFi индикаторы
 - B. Return (Оралу) түймесі
 - C. Айналмалы түйме
 - D. Дисплей
2. Тағам термометрі ұяшығы
3. Тартпа
4. Алынбалы ұяшық түбі
5. Алынбалы ұяшық түбі бар себет
6. Таба
7. Қуат сымын сақтау бөлімі
8. Ауа шығыс жерлері
9. Ауа кіретін тесік
10. Толтыру деңгейі көрсеткіші
11. Тағам термометрі
12. Шашыраудан қорғағыш

Айналдыру және артқа түймесі

Айналмалы түйме – орталық басқару элементі. Әртүрлі мәзір опцияларына өтіп, әрекетті растау үшін оны айналдырып, басуға болады.

Айналмалы түймені жылдам басу: құралды қосу.

Айналмалы түймені басып тұру: құралды өшіру.


Құрал токқа қосылғаннан кейін:

Айналмалы түймені басу: әрекетті растау.

Айналмалы түймені бұрау: әртүрлі мәзір опцияларына өту немесе пісіру параметрін өзгерту.

Артқа түймесін жылдам басу: алдыңғы қадамға оралу.

Артқа түймесін басып тұру: негізгі мәзірге оралу.



Автоматты түрде пісіру бағдарламалары

Автоматты түрде пісіру бағдарламалары – Аэрогрильдің негізгі мүмкіндіктерінің бірі. Көптеген тағамдардың ішінен таңдауыңызға болады. Ингредиенттерді толтыру деңгейін орнатыңыз немесе (мысалы, тауық сандары) себетке салған тағам мөлшерін көрсетіңіз, Аэрогриль тағамды автоматты түрде пісіреді.


Егер пісіру кезінде сіздің әрекеттеріңіз қажет болса (мысалы, картопты шайқау), Аэрогриль бұл туралы хабарлайды.

Тағам термометрі

Аэрогрильде тамақ дайындауға арналған термометр бар, оның көмегімен тағамды қажетті дайындық деңгейіне дейін пісіруге болады.

Тағам термометрінің бір ұшын тағамға, ал екіншісін тағам термометрінің ұясына қойыңыз («тағам термометрі» тарауын қараңыз).

Тағам термометрін «**Тағам термометрі**» және «**Автоматты түрде пісіру бағдарламалары**» пісіру режимдерінде пайдалануға болады.



Пісіру уақыты

«**Қолмен пісіру**» режимінде пісіру уақытын 1 минуттан 180 минутқа дейін орнатуға болады.

«**Автоматты түрде пісіру бағдарламалары**» пісіру режимінде пісіру уақытын орнатудың қажеті жоқ. Автоматты түрде пісіру бағдарламасы тағамның порция мөлшеріне немесе қалаған дайындық деңгейіне қарай пісіреді.

«**Тағам термометрі**» режимінде пісіру уақытын орнатудың қажеті жоқ, тағам термометрінің белгіленген температурасына жеткенде пісіру автоматты түрде аяқталады.

Пісіру температурасы

«**Қолмен пісіру**» және «**Тағам термометрі**» пісіру режимдерінде пісіру температурасын 40 °C және 200°C аралығында орнатуға болады.

«**Автоматты түрде пісіру бағдарламалары**» пісіру режимінде пісіру температурасын орнатудың қажеті жоқ, ол автоматты түрде орнатылады.

Ішкі температура

«**Тағам термометрі**» пісіру режимінде тағамның ішкі температурасын орнатуға болады. Тағамның ортасындағы температура пісіру процесінің соңында орнатылған ішкі температураға жетеді.

Ескертпе

- Ішкі температура пісіру температурасына тең емес.

Жоғары және төмен ауа жылдамдығы

Аэрогрильде ауа жылдамдығының екі түрлі параметрі бар: төмен ауа жылдамдығы ((Ⓐ)) және жоғары ауа жылдамдығы ((ⒶⒷ)).

«**Автоматты түрде пісіру бағдарламасы**» пісіру режимінде ауа жылдамдығы автоматты түрде орнатылады.

«**Қолмен пісіру**» немесе «**Тағам термометрі**» пісіру режимдерінде ауа жылдамдығын қолмен орнату керек.

Пеште лазанья, қыздырып пісірілетін тағамдар, торт және т.б. сияқты қарапайым тағамдарды дайындау үшін, сондай-ақ ұзақ уақыт пісіру кезінде төмен ауа жылдамдығын пайдаланыңыз. Фри картобы, тауық наггетстері, балық таяқшалары және т.б. сияқты қарапайым тағамдарды Аэрогрильде дайындау үшін, сондай-ақ пісіру уақытын қысқарту үшін жоғары ауа жылдамдығын пайдаланыңыз.

Жылы ұстау функциясы

Аэрогрильде жылу ұстау режимі орнатылған. Пісіргеннен кейін бірден жылы ұстау режимін қосуға немесе негізгі мәзірден жылы ұстау режиміне ауысуға болады.

Менің бағдарламаларым

Сіз сүйікті Автоматты түрде пісіру бағдарламаларын, рецепт параметрлерін немесе қолмен пісіру параметрлерін «**Менің бағдарламаларым**» бөлімінде сақтай аласыз. Тізіміңізде 20-ға дейін жазба сақталуы мүмкін. Тағамды таңдап, бірден пісіруді бастаңыз.

Пісіру тарихы

Соңғы дайындалған тағамдарды «**Пісіру тарихы**» бөлімінен таба аласыз. Пісіру тарихынан соңғы 20 жазбаны көре аласыз. Тағамды таңдап, бірден пісіруді бастаңыз.

Бағалау функциясы

Автоматты пісіру бағдарламаларын және барлық NutriU рецепттерін пісіргеннен кейін бағалауға болады. Бағалау автоматты түрде сақталады және оны «**Менің бағдарламаларым**» және «**Пісіру тарихы**» бөлімдерінен таба аласыз. Сіз берген баға Автоматты түрде пісіру бағдарламалары мен рецепттерін жақсартуға көмектеседі.

Тазалау туралы еске салғыш

Сіз мезгіл-мезгіл Аэрогриль ішін тазалау туралы ескерту аласыз. «**Параметрлер**» мәзірінен тазалау туралы еске салғышты өшіруге болады.

Шайқау туралы еске салғыш

Қолмен параметрімен пісірген кезде, белгіленген пісіру уақытының жартысынан кейін сіз шайқау туралы еске салғыштан ескерту аласыз. «**Параметрлер**» мәзірінен сіз шайқау туралы еске салғышты ажырата аласыз.

Дыбыстық ескертулер

Кейде сіз құрал пісіруді аяқтағанда немесе пісіру кезінде орындалу қажет әрекет болған кезде, мысалы, тағамды шайқау немесе айналдыру қажет болғанда дыбыс естисіз.

Мәтін шебері

Барлық мәзір экрандарында мәзірде шарлауға көмектесетін мәтін шебері бар.




Алғашқы рет қолданар алдында

1. Барлық қаптау материалын алып тастаңыз.
2. Құралдың барлық жапсырмаларын немесе белгілерін (егер болса) алып тастаңыз.
3. Дисплейден қорғаныш фольгасын алып тастаңыз.
4. Алғаш рет қолданар алдында, құралды тазалаңыз («Тазалау» тарауын қараңыз).


Алғаш рет қолданар алдындағы дайындықтар

Алынбалы тор түбін


1. Тартпаны тұтқасынан тартып ашыңыз.
2. Себетті тұтқасын көтеру арқылы алып тастаңыз.
3. Алынбалы ұяшық түбін себеттің төменгі оң жағындағы ұяға салыңыз. Ұяшық түбін орнына түскенше (екі жағынан «басыңыз») итеріңіз.



4. Себетті табаға салыңыз.



5. Тұтқасынан итеру арқылы тартпаны аэрогрильдің ішіне қарай сырғытыңыз.



Ескертпе


- Себет болмаса, табаны пайдаланбаңыз.

Аэрогрильді NutriU қолданбасына қосу


Маңызды ақпарат

- WiFi орнату процесін бастамас бұрын смарт құрылғының үйдегі WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.

1. Құралды қуат көзіне қосу



2. Құралды қосу үшін, айналмалы түймені басыңыз.



Ескертпе

- Құралды бірінші рет қосқанда, сізден тілді таңдау сұралады.
- Тілді кез келген уақытта «**Параметрлер**» мәзірінен өзгертуге болады.

3. Қажетті тіл бөлектелгенше тізімді айналдырыңыз.

4. Растау және жалғастыру үшін айналмалы түймені басыңыз.


5. Тізімнен салмақ пен температура бірлігін таңдаңыз.

Ескертпе

- Келесі экранда құралды смарт құрылғыңызға бірден қосуды немесе оны кейінірек қосуды шеше аласыз.
6. Құралды смарт құрылғыңызға бірден қосуды шешсеңіз, «**Иә, өтінемін**» опциясына өтіңіз.

Ескертпе

- Құралды алғаш рет орнатқан бойда NutriU қолданбасын жүктеп алып, Аэрогрильді қолданбаға қосуды ұсынамыз. Бұл Аэрогрильді толығымен пайдалануға мүмкіндік береді, мысалы, қашықтан пісіру (қолданбадан рецептілерді немесе автоматты түрде пісіру бағдарламаларын іске қосу, тағамның дайындығы туралы хабарламалар алу және т.б.) және соңғы микробағдарлама жаңартуларын алу.
7. QR коды көрсетіледі. NutriU қолданбасын жүктеп алу үшін оны сканерлеңіз.



Кеңес

- NutriU қолданбасын App Store дүкенінен немесе www.philips.com/nutriu веб-сайтынан да жүктеп алуға болады.
8. NutriU қолданбасын ашып, тіркеу процесін орындаңыз.
9. Аэрогрильді WiFi желісіне қосу және Аэрогрильді смарт құрылғымен жұптау үшін қолданбадағы қадамдарды орындаңыз.

Маңызды ақпарат

- Қашықтан басқару пульті: егер сіз NutriU қолданбасында NutriU профилінде орналасқан «қашықтан рұқсат беру» опциясын таңдаған болсаңыз, Аэрогрильді қолданба арқылы қашықтан басқаруға болады (мысалы, рецепт жіберу, пісіруді кідірту, т.б.).
- Мультипештің үйдегі 2,4 ГГц 802.11 b/g/n WiFi желісіне қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Бір пайдаланушымен жұптау: Аэрогрильді бір уақытта тек бір пайдаланушы қашықтан басқара алады. Егер Аэрогрильді немесе NutriU қолданбасын екінші пайдаланушы қолданғысы келсе, ол жұптау процесін орындауы қажет. Жұпталғаннан кейін бірінші пайдаланушы автоматты түрде жұптаудан ажыратылады.
- WiFi орнату процесін қолданба арқылы немесе аэрогриль құрылғысын токтан ажырату арқылы тоқтатуға болады.

WiFi индикаторы

WiFi индикаторы өшіп тұр.	WiFi ажыратылған.
WiFi индикаторы жанып тұр.	WiFi іске қосылған және маршрутизаторға қосылған.
WiFi индикаторы баяу жыпылықтайды.	WiFi қосылып тұр.
WiFi индикаторы жылдам жыпылықтайды.	WiFi қосымлымнда қате бар.

Ескертпе

- Параметрлерде WiFi қызметін қосуға немесе өшіруге болады – WiFi параметрлері - WiFi қызметін ӨШІРУ/ҚОСУ.
- WiFi орнатуды параметрлерде орындауға болады – WiFi параметрлері - WiFi орнату режимі.

Аэрогрильді пайдалану


Ескерту

- Бұл ыстық ауада жұмыс істейтін аэрогриль. Табаға май, қуыруға арналған май немесе басқа сұйықтық құймаңыз.
- Ыстық беттерді ұстамаңыз. Тұтқаларды немесе тетіктерді пайдаланыңыз. Ыстық табаны ыстыққа төзімді пешке арналған қолғаппен ұстаңыз.
- Бұл құрал тек үйде қолдануға жасалған.
- Құралды алғаш рет пайдаланғанда түтін шығуы мүмкін. Бұл әдеттегі нәрсе.
- Құралды алдын ала қыздырудың қажеті жоқ.


1. Құралды тұрақты, көлденең, тегіс және жылуға төзімді беткі қабаттарға қойыңыз. Тартпаның толықтай ашылатынына көз жеткізіңіз.

Ескертпе


- Құралдың үстіне немесе жан-жағына ешнәрсе қоймаңыз. Бұл ауа ағынын бұзуы және қуыру нәтижесіне әсер етуі мүмкін.
2. Құралдың артқы жағында орналасқан сым сақтағыш бөлімнен ток сымын сыртқа қарай тартыңыз.



3. Тығынды қабырға розеткасына қосыңыз.




4. Тартпаны тұтқасынан тартып ашыңыз.




5. Ингредиенттерді себетке салыңыз.

Ескертпе


- Себетті ешқашан «MAX» (ЕҢ ЖОҒ.) көрсеткішінен артық толтырмаңыз, себебі бұл нәтиже сапасына әсер етуі мүмкін.



6. Тартпаны қайтадан Аэрогрильге салыңыз.



7. Құралды қосу үшін, айналмалы түймені басыңыз.



8. Пайдаланғыңыз келетін пісіру режимін таңдаңыз («Пісіру режимдері» тарауын қараңыз).

9. Дисплейдегі қадамдарды орындаңыз. Пісіру кезеңдері таңдалған пісіру режиміне байланысты өзгереді.


Ескерту

- Себет салынбаса, табаны пайдаланбаңыз. Егер құралды себетсіз қыздырар болсаңыз, тартпаны ашу үшін тұтқышты пайдаланыңыз. Тартпаның шеттері мен ішкі жағы өте ыстық болады.
- Қатты қызып кететіндіктен, пайдалану кезінде және пайдаланғаннан кейін біраз уақыт өткен соң табаны және себетті ұстамаңыз.


10. Пісіруді бастау үшін айналмалы түймені басыңыз немесе пісіру параметрлерін өзгерткііз келсе, бұраңыз. Дисплейде өзгертуге болатын параметр көрсетіледі. Параметрді өзгерту үшін айналмалы түймені басып, бұраңыз.
11. Таймер қоңырауын естігенде, ыдысты шайқайтын уақыт келді немесе пісіру уақыты аяқталды.

Ескертпе

- Үстелге қояр алдында әрқашан тағамның толық піскеніне көз жеткізіңіз.
- Кейбір автоматты түрде пісіру бағдарламалары тағамды шайқау немесе аудару қажет болған кезде сізге хабарлайды. Аэрогриль шайқау немесе ауыстыру уақыты келгенде дыбыстық сигнал береді.
- Шайқаудың ең жақсы тәсілі — тартпаны ашып, себетті қалыптан шығарып, оны шайқау. Табаны себетпен бірге қайтадан құралға сырғытыңыз. Құрал автоматты түрде пісіруді жалғастырады.
- Кез келген ағымдағы процестен бас тартып, негізгі мәзірге оралу үшін, оралу түймесін (↺) басыңыз.




12. Тартпаны тұтқасынан тартып ашыңыз және ингредиенттердің дайын не дайын еместігін тексеріңіз.



Ескертпе


- Ингредиенттер әлі дайын болмаса, тартпаны тұтқасынан ұстап Аэрогриль ішіне қарай сырғытыңыз және «**Уақыт қосу**» опциясы арқылы орнатылған уақытқа бірнеше минут қосыңыз.

- 13.** Шағын ингредиенттерді (мысалы, қуырылған картоп тілімдері) алу үшін, себетті тұтқасынан ұстап табадан сыртқа көтеріңіз.



Ескерту

- Пісіру процесі аяқталғаннан кейін, таба, себет, ішкі корпус және ингредиенттер ыстық болып тұрады. Аэрогрильдегі ингредиенттердің түріне байланысты, табадан бу шығуы мүмкін.
- 14.** Себеттің ішіндегісін тостағанға немесе табаққа салыңыз. Ішіндегісін алу үшін әрқашан себетті табадан алып тастаңыз, себебі ыстық май табаның түбінде қалып қояуы мүмкін.



Ескертпе

- Үлкен немесе тез пісіп кететін ингредиенттерді алып тастау үшін, ингредиенттерді көтеру үшін қысқыштарды пайдаланыңыз.
- Ингредиенттерден шығатын артық май немесе еріген май табаның түбіне жиналады.
- Пісірілген ингредиенттер түріне байланысты әр бөлікті пісіргеннен кейін не бұрын немесе себетті шайқамас бұрын немесе табаға қайта салмас бұрын кез келген артық майды немесе ерітілген майды құйып алғыңыз келуі мүмкін. Себетті ыстыққа төзімді бетке қойыңыз. Тұтқышты киіп алып, табаны қаңылтыр табадан көтеріңіз және ыстыққа төзімді бетке қойыңыз. Артық майды не ерітілген майды құйып алыңыз. Табаны тартпаға, себетті табаға қайта салыңыз.
- Ингредиенттердің бір бөлігі дайын болғанда, аэрогриль бірден екінші бөлігін пісіре дайын болады.


Термометрді пайдалану

Тағам термометрін орнату

Тағам термометрін стейк, ет кесектері, тауықтың төс еті, балық филесі және т.б. пісіру үшін пайдалануға болады.

Тағам термометрін қолданар алдында және қолданғаннан кейін жылы сумен және сабынмен тазалаңыз.

1. Термометрді тағамның ең қалың бөлігіне салыңыз.



Ескертпе


- Термометрдің ұшы оның төменгі немесе жоғарғы жағына емес, тағамның ең қалың бөлігінің ортасына салынғанына көз жеткізіңіз.



- Термометрдің сүйекке жақын, бірақ оған тимейтініне және майдан немесе шеміршектен алыс екеніне көз жеткізіңіз.
- Филенің ең қалың бөлігі ортасында болмауы мүмкін. Қажетті нәтижеге қол жеткізу үшін термометрдің ұшы ең қалың бөлікте тұруы маңызды.
- Тұтас тауықты қуырған кезде, зондтың төстен қуысқа дейін өтпейтініне көз жеткізіңіз.
- Тағамның қалыңдығы 2 см-ден аз болса, тағам термометрін қолданбаңыз.

Кеңес

- Зондты өнімнің ортасына бағыттау үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз.
 1. Термометрдің металл өзекшесін алыңыз да, ұшын тағамның ортасына қойыңыз.
 2. Саусақтарыңызды бірдей ұстап, зондты тағамның ең қалың бөлігінің ортасына салыңыз.







Ескертпе

- Тағамға байланысты әрдайым термометрдің металл өзекшесін толығымен енгізу қажет емес.

Ескерту


- Тағам термометрінің ұшы үшкір.

Орындауға болады	Орындауға болмайды
 	 
 	 
 	 


Тағамның қалыңдығын өлшеу

Тағамның қалыңдығын өлшеу үшін тағам термометрді қолдануға болады.

1. Тағам термометрін тағамның жанына қойып, тағамның жоғарғы қандай межеде екенін тексеріңіз.



2. Автоматты түрде пісіру бағдарламасымен пісіріп жатсаңыз, тағамның қалыңдығы сұралғанда, Аэрогрильде 1-ден 6-ға дейінгі мәнді орнатыңыз.



Пісіру режимдері

Режим		Әдісі
Автоматты түрде пісіру бағдарламалары		Тізімнен Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдаңыз. Құралдағы қадамдарды орындаңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламалары толтыру деңгейі, бөліктер саны және т.б. негізделген барлық пісіру параметрлерін автоматты түрде есептейді.
Қолмен пісіру		Пісіру уақытын, температураны және ауа жылдамдығын қолмен орнатып, пісіруді бастаңыз.
Тағам термометрі		Өзек температурасын, пісіру температурасын және ауаны беру жылдамдығын қолмен орнатып, пісіруді бастаңыз.

Автоматты түрде пісіру бағдарламалары

1. «Автоматты түрде пісіру бағдарламалары» опциясы таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.
2. Растау үшін айналмалы түймені басыңыз.
3. Қажетті Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдау үшін айналмалы түймені бұраңыз. Растау үшін айналмалы түймені басыңыз.
4. Себетке салған тағам санын таңдаңыз.

Ескертпе

- Тағамның түріне байланысты толтыру деңгейін, бөліктердің санын, салмағын, қалыңдығын және/немесе дайындық деңгейін көрсету сұралуы мүмкін.
- Себетте көрсетілген белгілерді дұрыс толтыру деңгейін орнату үшін нұсқаулық ретінде пайдаланыңыз.
- Толтыру деңгейін таңдамас бұрын, тағамды әрқашан себетке біркелкі етіп салғаныңызға көз жеткізіңіз.
- Құрал бойынша көрсетілген болса тағамды аударыңыз/шайқаңыз. Тартпаны барынша кішкене ғана ашық ұстаңыз.
- Автоматты түрде пісіру бағдарламасында дайындық деңгейін таңдағанда, тағам термометрін пайдалану керек.
- Кейбір автоматты түрде пісіру бағдарламалары үшін өнімнің салмағын енгізу керек. Салмақты анықтау үшін таразыны қолданыңыз немесе тағамның қаптамасындағы салмақ мәнін енгізіңіз.

Үйде жасалған картоп тілімдерін дайындау

Аэрогрильде керемет үйде жасалған картоп тілімдерін әзірлеу үшін:

- Фри картобын жасауға қолайлы картоп түрін таңдаңыз, мысалы, жақында қазып алынған, (аздап) ұнды картоп.
 - Біркелкі нәтиже алу үшін, картопты 4-толтыру деңгейіне дейін бөліктерде қуырған дұрыс.
1. Картопты аршып, тілімдеп тураңыз. Кішігірім картоп үлкен картопқа қарағанда қытырлақ болады.
 2. Картоп таяқшаларын жылы су бар тостағанға кемінде 30 минут салып қойыңыз.
 3. Тостағанды босатып, картоп таяқшаларын майлықпен немесе қағаз майлықпен құрғатыңыз.
 4. Тостағанға бір ас қасық күнбағыс майын құйып, таяқшаларды тостағанға салып, таяқшалар сырты май болғанша араластырыңыз.
 5. Таяқшаларды тостағаннан артық май тостағанда қалу үшін саусақтарыңызбен немесе тесіктері бар ыдыспен алыңыз.

Ескертпе

- Артық майды табаға құйып жібермес үшін, себеттегі барлық таяқшаларды төгу үшін тостағанды еңкейтпеңіз.
6. Таяқшаларды себетке салыңыз.
 7. Үйде әзірленетін картопты автоматты түрде пісіру бағдарламасын іске қосыңыз және хабарлама пайда болған кезде шайқаңыз.

Үйде әзірленетін йогурт жасау

1. Ыдыста 1 3/4 литр сүт пен 3 ас қасық йогуртты араластырыңыз. Сүт пен йогурттағы майдың мөлшері бірдей екеніне көз жеткізіңіз.
2. Әр шыныға 150-200 мл құйып, қақпағын жабыңыз.
3. Шыныларды Аэрогриль себетіне салыңыз да, тартпаны жабыңыз.
4. «Автоматты түрде пісіру бағдарлама» - «Йогурт» бағдарламасын іске қосыңыз («Мәзір->Сүт->Йогурт»).
5. Ашыту шамамен 8 сағат алады. Аэрогрильді осы аралықта ашпаңыз.
6. Шыныларды тоңазытқышқа салыңыз және салқындаған кезде үйде әзірленген йогурттың дәмін татыңыз.

Қолмен пісіру

1. «Қолмен пісіру» таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.
2. Айналмалы түймені бұрау арқылы уақытты реттеңіз. Сіз уақытты 1 минуттан 180 минутқа дейін таңдай аласыз. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
3. Айналмалы түймені бұрау арқылы температураны реттеңіз. 40°C және 200°C аралығында температураны таңдауға болады. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
4. Айналмалы түймені бұрау арқылы ауа жылдамдығын реттеңіз. Жоғары және төмен ауа жылдамдығын таңдауға болады. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
 - Одан кейін таңдалған пісіру параметрлерін көресіз. Егер пісіру параметрін өзгерткіңіз келсе, айналмалы түймені өзгерткіңіз келетін параметрге бұраңыз. Параметрді өзгерту үшін басып, бұраңыз. Пісірудің барлық параметрлері расталғаннан кейін пісіруді бастау үшін айналмалы түймені басыңыз. Таймердің кері санағын көресіз.

Ескертпе

- Егер пісіру уақытының жартысынан кейін шайқау туралы хабарлама алғыңыз келсе, шайқау туралы еске салғыштың қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Пісіру кезінде айналмалы түймені басу арқылы Аэрогрильді кідіртуге болады. Параметрлерді реттеу үшін жоғарыдағы қадамдарды орындаңыз. Пісіруді жалғастыру үшін айналмалы түймені қайтадан басыңыз.

Тағам термометрі

1. «Тағам термометрі» таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.
2. Айналмалы түймені айналдыру арқылы қажетті өзек температурасын реттеңіз (тамақ термометрінің ұшында өлшенеді). 30 және 99°C аралығындағы температураны таңдауға болады. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
 - Температура өлшеуішінің ұшын дайын тағамға қайда қою керектігі және тартпаны жабу үшін кабельді пісіру камерасынан сыртқа қалай бағыттау керектігі туралы анимацияны көресіз.
3. Кабельді тағам термометрінің қосқышына салыңыз.

Ескертпе

- Айналмалы түймені басу арқылы анимацияны өткізіп жіберуді растаңыз.
4. Пісіру температурасын реттеу үшін айналмалы түймені бұраңыз. 40°C және 200°C аралығында температураны таңдауға болады. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
 5. Айналмалы түймені бұрау арқылы ауа жылдамдығын реттеңіз. Жоғары ауа жылдамдығын (() немесе төмен ауа жылдамдығын (() таңдаңыз. Мақұлдау үшін айналмалы түймені басыңыз.
 6. Одан кейін таңдалған пісіру параметрлерін көресіз. Егер пісіру параметрін өзгерткіңіз келсе, айналмалы түймені өзгерткіңіз келетін параметрге бұраңыз. Параметрді өзгерту үшін басып, бұраңыз. Пісіруді бастау үшін айналмалы түймені басыңыз.

Ескертпе

- Тағамның нақты ішкі температурасы мен мақсатты температура таймердің санауымен кезектесіп тұрғанын көресіз.

Төмендегі кестеде өзектің қандай температурасын орнату керектігі туралы ұсыныстар берілген.

Тағам элементі	Дайындық деңгейі	Ішкі температура
Тұтас құс еті	Дайын	80-85°C
Құстың төс еті	Шырынды	70-74°C
Сиыр еті, бұзау еті, қой еті, бұғы еті	Шикілеу	45-50°C
	Орташа	55-60°C
	Жақсы	65-70°C
Тұтас шошқа еті	Дайын	70-73°C
Шошқа еті	Орташа	58-63°C
Балық	Мөлдір	50-55°C
	Дайын	60-65°C

Тағам элементі	Дайындық деңгейі	Ішкі температура
Тұтас картоп	Дайын	92-95°C
Нан	Дайын	90-95°C

Ескертпе

- Ұсынылған ішкі температура міндетті түрде өнімнің қауіпсіз минималды ішкі температурасына сәйкес келмейді.
- Пісірілген тағамдардың ішкі температурасы құралдан шығарылғаннан кейін бірнеше градусқа көтеріледі.

Жылы етіп сақтау

1. «Жылы ұстау» таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.

Ескертпе

- Жылы ұстау уақытын өзгерту үшін айналмалы түймені бұраңыз. Жылы ұстау уақытын реттеу үшін айналмалы түймені басып, бұраңыз. Жылы ұстау уақытын 1 минуттан 30 минутқа дейін орнатуға болады. Орнатылған жылы ұстау уақытын растау үшін айналмалы түймені басыңыз.

2. Жылы ұстауды бастау үшін, айналмалы түймені басыңыз.

Ескертпе

- Айналмалы түймені басу арқылы жылы ұстауды кідіртуге болады.

Менің бағдарламаларым

1. «Менің бағдарламаларым» таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.
2. Айналмалы түймені қажетті бағдарламаға бұраңыз. Егер бір бағдарламада тоқтасаңыз, пісіру параметрлері көрсетіледі.
3. Таңдалған бағдарламаны енгізу үшін, айналмалы түймені басыңыз. Пісіруді бастау үшін, айналмалы түймені қайтадан басыңыз.
 - Бағдарламаны жою немесе оның атын өзгерту үшін айналмалы түймені бұрап, басыңыз.

Пісіру тарихы

1. «Пісіру тарихы» таңдалғанша айналмалы түймені бұраңыз. Осы режимге өту үшін, айналмалы түймені басыңыз.
2. Айналмалы түймені қажетті элементке бұраңыз. Егер бір элементке тоқтасаңыз, пісіру параметрлері көрсетіледі.
3. Таңдалған элементке өту үшін, айналмалы түймені басыңыз. Пісіруді бастау үшін, айналмалы түймені қайтадан басыңыз.
 - Айналмалы түймені басып, оны «Менің бағдарламаларыма» қосыңыз.

Тазалау

Абайлаңыз

- Тазаламастан бұрын себетті, табаны және құралдың ішін әбден суытып алыңыз.
- Таба мен құралдың ішкі жағы жабыспайтын қабатпен қапталған. Металдан жасалған ас үй ыдыстарын немесе абразивті тазалаушы заттарды пайдаланбаңыз, себебі бұл жабыспайтын қабатты зақымдауы мүмкін.

Кеңес



- Аэрогриль жылдамырақ суу үшін таба мен себетті алып тастаңыз.
1. Табаның түбінде ерітілген майды төгіп тастаңыз.
 2. Табаны, себетті ыдыс жуғыш машинада тазалаңыз. Сонымен қатар, оларды ыстық сумен, ыдыс жууға арналған сұйықтықпен және абразивті емес спонжбен тазалай аласыз («тазалау кестесін» қараңыз).

Кеңес

- Егер тағам қалдықтары табаға немесе себетке жабысып қалса, оларды ыстық суға немесе ыдыс жууға арналған сұйықтыққа 10-15 минутқа батырып қоюға болады. Батырып қою тағам қалдықтарын жібітеді және оны алу оңай болады. Май мен кірді кетіретін ыдыс жууға арналған сұйықтықты пайдаланыңыз. Егер табада немесе себетте майлы дақтар қалып қойса және оларды ыстық сумен және ыдыс жуғыш сұйықтықпен кетіре алмасаңыз, майды кетіретін сұйықтықты пайдаланыңыз.
- Қажет болса, шашыраудан қорғағышқа жабысқан май қалдықтарын губкамен немесе талшықты щеткамен кетіруге болады.

3. Құралдың сыртын дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Басқару панелінде ылғал қалмауы тиіс. Тазалағаннан кейін басқару панелін шүберекпен міндетті түрде құрғатыңыз.
4. Майдың қалдықтарын кетіру үшін шашыраудан қорғағышты губкамен немесе тазалау щеткасымен тазалаңыз.
5. Құралдың ішін ыстық сумен және қырмайтын ысқышпен тазалаңыз.

Тазалау кестесі

			
	✓	✓	✗
	✓	✓	✗
	✓	✓	✗
	✓	✗	✓

Сақтау

1. Құралды розеткадан ажыратып, суытып алыңыз.
2. Барлық бөлшектерді сақтаудың алдында, олар таза және құрғақ болуы қажет.
3. Сымды сым сақтайтын орнына жинап қойыңыз.

Ескертпе

- Аэрогрильді алып жүргенде оны әрдайым көлденең күйде ұстаңыз. Сондай-ақ, тартпаны құралдың алдыңғы бөлігінде ұстаңыз, себебі ол байқаусызда төмен еңкейтілген кезде құралдан сырғып кетуі мүмкін. Бұл тартпаны зақымдауы мүмкін.
- Оны алып жүру және/немесе сақтау алдында аэрогрильдің алынбалы төменгі торы, т.б. сияқты алынбалы бөліктерінің бекітілгенін тексеріңіз.

Ақаулықтарды жою

Бұл тарауда құралда орын алуы мүмкін ең көп кездесетін ақаулықтар жинақталған. Егер төмендегі ақпараттың көмегімен мәселені шеше

алмасаңыз, www.philips.com/support торабына кіріп, жиі қойылатын сұрақтар тізімін қараңыз немесе еліңіздегі тұтынушыларды қолдау орталығына хабарласыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
Құралдың сыртқы жағы пайдалану кезінде қызады.	Ішкі қызуы сыртқы қабырғаларына беріледі.	Бұл әдеттегі нәрсе. Пайдалану кезінде ұстауыңыз керек барлық тұтқалар ұстауға болатындай салқын болады.
		Тағамның дұрыс пісірілуін қамтамасыз ету үшін құрал қосылған кезде таба, себет және құралдың ішкі жағы әрқашан ыстық болады. Бұл бөліктері әрқашан қатты ыстық болады.
		Егер құралды ұзақ уақыт бойы қосулы қалдырсаңыз, кейбір аймақтары ұстай алмайтындай ыстық болады. Бұл аймақтар құралда келесі белгішемен белгіленеді:  Ыстық аймақтары белгілі болған сәтте және ұстай алмайтын кезде құрал толықтай пайдалануға қауіпсіз.
Менің үйде жасалған картоп тілімдерім өзім күткендей шықпады.	Картоп түрі дұрыс таңдалмаған.	Жақсы нәтижелер алу үшін, балғын ұнды картоптарды пайдаланыңыз. Егер картопты сақтау қажет болса, оларды тоңазытқыш сияқты салқын ортада сақтамаңыз. Қаптамасында қуыруға арналған деп жазылған картоптарды таңдаңыз.
	Себеттегі азық-түлік мөлшері тым көп.	Себетті шамадан тыс толтырмаңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
	Ингредиенттердің кейбір түрлерін пісіру уақытының жартысы өткенде сілкілеу керек.	Себет неғұрлым толса, соғұрлым жиі шайқау ұсынылады.
Аэрогриль қосылмайды.	Құрал розеткаға жалғанбаған.	Ашаның қабырға розеткасына дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
	Бір розеткаға бірнеше құрал қосылған.	Аэрогрильдің ваты жоғары. Басқа розеткаға қосып көріңіз және сақтандырғышын тексеріңіз.
Аэрогриль ішінде кейбір алынып қалған дақтарды көремін.	Қабатын байқаусызда ұстап немесе қырнап алуға байланысты аэрогрильдің табасында аздаған шағын дақтар пайда болуы мүмкін (мысалы, қатты тазалау құралдарымен тазалау және/немесе себетті салу кезінде).	Себетті табаға тиісінше түсіру арқылы зақымның алдын алуға болады. Егер себетті бұрышқа қойсаңыз, оның бүйірі табаның қабырғасына соғылып, қабатының кішкентай бөліктерінің түсіп қалуына әкелуі мүмкін. Егер осы жағдай орын алса, мұның зиян емес екенін біліп жүріңіз, себебі пайдаланылған барлық материалдар тағам үшін қауіпсіз.
Құралдан ақ түтін шығады.	Майлы заттарды пісіріп жатырсыз.	Артық майды табадан абайлап төгіп тастап, пісіруді жалғастырыңыз.
	Табада алдыңғы пайдаланудан қалған май қалдықтары бар.	Ақ түтін табада қызған майлы қалдықтардан пайда болады. Әр қолданыстан кейін әрқашан таба мен себетті жақсылап тазалаңыз.
	Ұнтақ нан немесе жабу тиісінше тағамға қолданылмайды.	Ұнтақ нанның ауадағы кішкентай бөлшектері ақ түтінге себепші болуы мүмкін. Оның жабысуын қамтамасыз ету үшін ұнтақ нан немесе жабу түймесін қатты басыңыз.

Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
	Маринад, сұйық немесе ет шырындары майда немесе ерітілген майда шашырайды.	Себетке салмай тұрып тамақты құрғатыңыз.
Аэрогриль құрылғысындағы WiFi жарық диоды енді жанбайды.	Аэрогриль құрылғысы енді үйдегі WiFi желісіне қосылмаған. Сіз үйдегі WiFi желісін өзгерткен болуыңыз мүмкін.	WiFi орнату процесін бастаңыз және қолданбадағы нұсқауларды орындаңыз.
Қолданба жұптау процесінің сәтті орындалмағанын көрсетеді.	Басқа пайдаланушы Аэрогриль құрылғысын басқа смарт құрылғымен жұптап, қазір тағам пісіріп жатыр.	Басқа пайдаланушы ағымдағы пісіру процесін аяқтағанша күтіңіз және смарт-құрылғының аэрогрильмен байланысуын қайталаңыз.

